

**Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі
Бәрімбек Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы**

**Заң институты
Криминалистика кафедрасы**

**Бекітемін
Академияс бастығының
оқу ісі жөніндегі орынбасары
з.ғ.д., профессор,
полиция полковнигі
З.С. Тоқыбаев**

«__»_____ 2016 ж.

Пән бойынша жұмыстық оқу бағдарламасы (SYLLABUS)

КАТКК 3305 «Қылмыстарды ашу және тергеп-тексерудің
криминалистикалық қамтамасыздығы» пәні бойынша

5В030300 – Құқық қорғау қызметі мамандығы

оқыту нысаны: күндізгі
курс: 3
семестр: 6
кредит саны: 2 (90)
дәріс: 5 сағат
тәжірибелік сабақтар: 25 сағат
КООЖ: 15 сағат
КӨЖ: 45 сағат
Емтихан: 6 семестр

Қарағанды 2016

«Қылмыстарды ашу және тергеп-тексерудің криминалистикалық қамтамасыздығы» пәнібойынша 5B030300 «Құқық қорғау қызметі» мамандығына арналған жұмыстық оқу бағдарламасы (SYLLABUS)

Құрастырғандар: криминалистика кафедрасының бастығы,
полиция полковнигі, з.ғ.к., профессор А.О.Шакенов,
криминалистика кафедрасының оқытушысы,
полиция капитаны Б.Қ. Біржанов

Кафедра мәжілісінде қарастырылды
« ____ » _____ 2016 ж., № ____ хаттама

Кафедра бастығы

А.О.Шакенов

Академияның оқу-әдістемелік кеңес мәжілісінде бекітілген
« ____ » _____ 2016 ж., № ____ хаттама

3.1 Негізгі ақпарат:

1. Шифр және мамандық атауы	5B030300 – «Құқық қорғау қызметі»
2. Курс, семестр	3 курс, 6 семестр
3. Пән циклы	Қылмыстарды ашу және тергеп-тексерудің криминалистикалық қамтамасыздығы
4. Кредит саны	2
5. Сабақ өткізу орны	Дәріс залы, 317,319,320,322,323 ауд.
6. Дәріскер (Т.А.Ә., лауазымы, ғылыми дәрежесі, басқа да байланыс ақпараты)	Кафедра аға оқытушылары: полиция полковнигі Телемисов Б.С., полиция полковнигі Аубакиров Б.А. Криминалистика кафедрасының мекен - жайы: Қазақстан Республикасы ІІМ Қарағанды академиясы, № 316,323 кабинет, тел. 331, 377, 30-33-88
7. Қалған сабақ түрлерін жүргізетін оқытушылар (Т.А.Ә., лауазымы, ғылыми дәрежесі, басқа да байланыс ақпараты)	Кафедра профессоры, з.ғ.д., доцент Арыстанбеков М.А. Кафедра аға оқытушылары: полиция полковнигі Телемисов Б.С., полиция полковнигі Аубакиров Б.А. Кафедра оқытушылары: полиция майоры Боранкулов Н.Е., полиция майоры Айдарбек С.О., полиция капитаны Биржанов Б.К., Криминалистика кафедрасының мекен - жайы: Қазақстан Республикасы ІІМ Қарағанды академиясы, № 316,323 кабинет, тел. 331, 377, 30-33-88

3.2 Пререквизиттер: Аталған оқу пәнді зерделеуді бастамас бұрын, білім алушылардың базалық заң пәндерін талдау барысында алған жалпы құқықтық және теориялық білімдері болу керек.

3.3 Постреквизиттер:

Осы бағамды оқып болған соң, төмендегілерді талдаудан өткізу қажет: «Қазақстан Республикасындағы қылмыспен күрестің қылмыстық-құқықтық мәселелері»; «Қылмыспен күрестің криминологиялық мәселелері»; «Қылмыспен күрестегі жедел іздестіру қызметінің негіздері».

3.4 Пәнді қысқаша сипаттау:

Пәнді оқытудың мақсаты – қылмыстарды ашу және тергеп-тексерудің криминалистикалық қамтамасыздығы пәнін зерделеу білім алушылардың криминалистиканың әдіс-тәсілдері мен ғылыми ұсыныстарын қылмыспен күресте ұтымды пайдалану біліктілігін және тұрақты дағдыларын

калыптастыру мақсатында жүзеге асырылады. Жалпы ережеге сәйкес біліктіліктің жоғары деңгейіне ептіліктер мен дағдылардың үлкен көлемі сәйкес болуы қажет екені туралы есте сақтау қажет. Біліктілік деңгейінің жоғарлауымен теориялық білімнің бөлігі де өседі, ал ептіліктер мен дағдылардың бөлігі азаяды, бірақ олардың мазмұны күрделене түседі.

Пәнді зерделеудің міндеттері:

Қылмыстарды ашу және тергеп-тексерудің криминалистикалық қамтамасыздығын зерделеу міндеті қызметтің міндеттерін сауатты жүзеге асыруды қамтамасыз ететін біліктілік сипаттамасымен және ведомстволық бұйрықтармен көзделген білімдер мен ептіліктердің минималды деңгейіне жету болып табылады.

Бірінші міндет – білім алушыларда кәсіби криминалистикалық ойлау негізін қалыптастыру. Яғни тергеп-тексерілетін оқиға туралы бар ақпаратты кешенді зерттеу арқылы оған криминалистикалық сипаттама беру, іздер жүйесін және басқа да дәлелдемелік ақпарат қайнар көздерін анықтау, тергеулік жағдайды талдау және бағалау, болжамдарды ұсыну, тергеп-тексерудің тиімді нұсқасын таңдау туралы тактикалық шешімді қабылдау.

Екінші міндет – қылмыс жасауға мүмкіндік туғызған жағдайлар, қылмыс механизмі, қолсұғылатын объекті, қылмыскердің тұлғасы, оның ниеті туралы дәлелдемелік ақпаратты табу, анықтау, бекіту, алу, зерттеу және пайдалану мақсатында техникалық-криминалистикалық әдістер мен құралдарды пайдалану мүмкіншіліктерін практикалық меңгеру.

Үшінші міндет – білім алушыларды жекелеген тергеу әрекеттері мен тактика-криминалистикалық комбинацияларды іске асыруда қолданылатын тактика-криминалистикалық тәсілдерге үйрету.

Криминалистикалық білімді өз бетімен толықтыру шеберлігіне баулу. Өз бетінше оқу әдістемесінің негіздерін меңгеру, яғни криминалистикалық әдебиеттермен және жаңа техникалық құралдармен жұмыс жасауға үйрету, қылмыспен күрестегі озық тәжірибені жандандыру.

Тәрбиелік міндеттер:

Қарастырылып отырған қылмыстарды тергеп-тексеру барысында адамгершілік және әлеуметтік әділдік, сондай-ақ заңдылық қағидаларын жете түсіну.

Қылмыстардың алдын алу, ашу және тергеп-тексеру практикасында криминалистикалық әдіс-құралдардың алатын орнын ұғыну.

Өз кәсіби деңгейімен біліктілігін арттыру және өздігінен білім алу қажеттілігі бойынша әрбір білім алушыға мән беру қажет.

Білім және түсіну:

«Қылмыстарды ашу және тергеп-тексерудің криминалистикалық қамтамасыздығы» пәнін оқу нәтижесінде оқытылушы осы оқу пәнінің тапсырмасын, қылмыспен күресу жүйесіндегі оның орнын, болашақ тәжірибелік жұмысында ұсыныстарын дұрыс қолдана білуі керек. Тактикалық тәсілдер, әдістер және техникалық құралдарды қолдану әдістемесін, жекелеген тергеу әрекеттерін жүргізу барысында дәлелдемелік ақпаратты жинау, қылмысты жоспарлау ерекшеліктерін тыңдаушы білуі тиіс.

Тергеу әрекеттерін жүргізудің тәртібі, әдістемелік және ұйымдастырушылық ерекшеліктерінде криминалистика және қылмыстық процесс бойынша қосымша монографиялық әдебиетті, нақты заңдардың мазмұнын, заң әрекеттерінің жүргізілу тәртібін оқуға тиіс.

Білім мен түсіну қабілетін практикада қолдану:

Оқу барысында алынған теориялық білімді тәжірибеде қолдану. Жекелеген тергеу әрекеттерін жүргізу барысында және дайындық кезінде әдістемелік тәсілдерді дұрыс таңдау және қолдана білу.

Пікір жасау, ойды бағалау және қорытынды шығару қабілеті.

Криминалистиканың өзге де мәселелеріне ғалымдардың ойын талдау, осы талдау негізінде өз ойларына дәлел келтіру қабілеті.

Қарым-қатынас біліктілігі:

Аудитория ерекшеліктерін есепке ала отырып, ақпаратты, пікірді және криминалистика мәселелерін жеткізу және анық көрсету ептілігі.

Оқу қабілеттілігі:

Біліктілікті арттыру арқылы өзінің кәсіби деңгейінің жоғарлату қажеттілігін өзіндік түсіну. Өзін өзі жетілдіру кәсіби дағдысын иемдену.

3.5. Пән бойынша тапсырмаларды орындау және тапсыру кестесі:

№	Жұмыс түрлері	Мазмұны және мақсаты	Ұсынылған дебиеттер тізімін сілтеме	Бақылау нысаны (рейтинг-шкалаға сәйкес)	Балл (рейтинг-шкалаға сәйкес)	Есеп беру нысаны	Тапсыру мерзімі
1	2	3	4	5	6	7	8
1	Практикалық сабақта ауызша жауап беру	Сабақтарының жоспары-на сәйкес	Тақырып бойынша ұсынылған әдебиеттерді қолдану	Ағымдық бақылау	Тақырып бойынша ауызша жауап беру пайыздық мазмұны 30 балға дейін	Жауап сабақта журналға бағаланады	Сабақ кестесі мен оқу жоспарына сәйкес
2	КОӨЖ сабақтарында ауызша жауап беру және баянда	КОӨЖ сабақтарының жоспары-на сәйкес	Тақырып бойынша ұсынылған әдебиеттерді қолдану	Қойылған сұрақтарды талқылау және ауызша сұрау, КОӨЖ жұмысы	Тақырып бойынша ауызша жауап беру пайыздық мазмұны 10 балға дейін	Жауап сабақта журналға бағаланады	КОӨЖ, сабақ кестесі мен оқу жоспарына сәйкес
3	Межелік бақылауға дайындық	Тест сұрақтары	Семестр бойынша дайындық	Аралық бақылау (компьютер арқылы тестілеу)	10 балға дейін	Ведомостка бағаланады	Оқу жоспарына сәйкес
4	Емтиханға дайындық	Емтихан сұрақтары	Дайындық бүкіл оқу кезеңі барысында	Қорытынды бақылау	50 балға дейін	Ведомостка бағаланады	Оқу жоспарына сәйкес

3.6. Курс саясаты

«Қылмыстарды ашу және тергеп-тексерудің криминалистикалық қамтамасыздығы» пәнін зерделеу барысында төмендегі тәртіпті ұстану талаптары қойылған:

1. Сабаққа кешікпеу.
2. Сабақтан себепсіз қалмау, сырқаттану жағдайында анықтама, басқа жағдайларда түсініктеме хатты беру.
3. Өтелімдер қабылданбайды, білім алушы жоспарланған сабақтарда жіберілген сабақтар мен бұрын дайын болмаған тапсырмалар бойынша дайын болуға тиіс.
4. Тапсырмаларды орындау, ұсынылған әдебиеттермен танысып конспектілеу міндетті түрде қажет.
5. Сабақ барысында әңгімелеспей, ұялы телефондарды өшіру қажет.
6. Оқу үдерісіне белсене қатысу.

7. Бірге оқитындар мен оқытушыларға шыдамды, ашық және тілектес болу.

3.7 Ұсынылған әдебиеттер тізімі

№	Автор, атауы	Басылым жылы, орны
1. Нормативтік-құқықтық актілер		
1	Қазақстан Республикасының Конституциясы	1995 жылғы 30 тамыз. Алматы, «ЮРИСТ» баспасы (07.10.1998ж., 21.05.2007ж., 02.02.2011ж. өзгертулерімен және толықтыруларымен).
2	Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі	2014 жылғы 03 шілде. Алматы, «Норма-К» баспасы.
3	Қазақстан Республикасының Қылмыстық–процестік кодексі	2014 жылғы 05 шілде. Алматы, «Норма-К» баспасы.
2. Негізгі әдебиеттер		
4	Справочная книга следователя: Учебно-практическое пособие	Под ред. Д.Т. Кенжетаяева. – Караганда: Карагандинская академия МВД РК им. Б. Бейсенова, 2015. – 379 с.
5	Шакенов А.О., Есболаев Ф.М., Аубакиров Б.А. Криминалистика. Оқу құралы.	Қарағанды: ҚЭУ, 2012 196 бет.
6	М.М. Оразалиев, С.Е. Еркінов, Ғ.М. Есболаев. Тергеушіге арналған анықтамалық кітап	Оқу-практикалық құрал /– Алматы: Жеті Жарғы, 2009. – 336 бет
7	Шакенов А.О. Криминалистика	Астана «ФОЛИАНТ», 2008 жыл
8	Под ред. В. А. Образцова. Криминалистика: Учебник	М.: ЮРИСТЪ, 1999. -735с.
9	Под ред. Р. С. Белкина. Криминалистика: Учебник	М.: НОРМА, 2001. -972 с.
10	Под ред. А. Ф. Волынского. Криминалистика: Учебник	М.: ЮНИТИ-ДАНА, 2002. -615с.
11	Под ред. Р. С. Белкина. Криминалистика: Учебник для вузов	2-е изд., перераб. и доп. - М.: НОРМА, 2006. -992с.
12	Под ред. Р. С. Белкина. Криминалистика: Учебник для вузов	3-е изд., перераб. и доп. - М.: НОРМА, 2007 -944с.
13	Под ред. А. Г. Филиппова. Криминалистика: Учебник	ВЫСШЕЕ ОБРАЗОВАНИЕ, - М. 2008. -441с.
14	Отв. ред. Б. М. Нурғалиев. Криминалистика: Учебник	Караганда: БОЛАШАК-БАСПА, 2009. -813с.
15	Под ред. Р. С. Белкина. Криминалистика: Учебник	М. НОРМА, 2000. -972с.
16	Под ред. Н. П. Яблокова. Криминалистика: Учебник	2-е изд., перераб. и доп. - М.: ЮРИСТЪ, 2000. -718с.
17	Под ред. А. Г. Филиппова. Криминалистика: Учебник	М.: СПАРК, 2005. - 750с.
18	Под ред. Н. П. Яблокова. Криминалистика: Учебник	3-е изд., перераб. и доп. -М.: ЮРИСТЪ, 2007. -781с.
19	Под ред. Т. В. Аверьяновой, Р. С. Белкина	М.: Новый Юрист, 1997. -400с.

	Криминалистическое обеспечение деятельности криминальной милиции и органов предварительного расследования: Учебник	
3. Қосымша әдебиеттер		
20	Алесковский С. Ю. Нетрадиционная криминалистика: Учебное пособие / С. Ю. Алесковский, А. Ф. Аубакиров	Алматы: ИЗД-ВО АЮ-ВШП ӘДІЛЕТ 2003. - 210с.
21	Алиев, Р. М. Расследование уголовных дел налоговой полицией: Учебно-практическое пособие	Алматы: Аян-Әдет, 1998. -110с
22	Алмагамбетов, П. Криминалистическая диагностика неопознанных трупов и разыскиваемых лиц: Учебно-методическое пособие	Алматы, 1997. -72с.
23	Арыстанбеков, М. А. Расследование нападений на объекты, охраняемые негосударственными охранными структурами: Учебное пособие	Караганда: Изд-во КВШ КНБ РК, 1998. -78с.
24	Арыстанбеков, М. А. Организационно-тактические расследования разбойных нападений: Учебное пособие	Караганда: ИЗД- ВО КЮИ МВД РК, 2006. - 95с.
25	Аубакирова, А. Фиксация доказательств в криминалистике и судопроизводстве: Учебное пособие	Алматы: ИЗД-ВО ВШП ӘДІЛЕТ, 2000. -198с
26	Аубакирова, А. А. Методика расследования компьютерных преступлений: Учебно-практическое пособие	Алматы, 2005. - 97с
27	Ахрамович И. П. Использование естественнонаучных знаний при расследовании насильственных преступлений: Методическое пособие для следователей, судей, адвокатов и экспертов	Минск: ХАРВЕСТ, 2003. -208с.
28	Асташкина Е.Н. Криминалистические алгоритмы в расследовании квартирных краж/Е.Н. Асташкина, Н.А. Марочкин.	М.:Юрлитинформ,2003.-112с
29	Алешин В.В. Преступления, связанные с отчуждением жилья граждан / В.В.Алешин.	М.:Экзамен,2006.-192с
30	Баев, М. О. Тактика уголовного преследования и профессиональной защиты от него. Прокурорская тактика. Адвокатская тактика: Научно практическое пособие	М.: ЭКЗАМЕН, 2005. -320с
31	Балгимбеков, Д. У. Расследование организации или содержания притонов для занятия проституцией и сводничеством, совершенных организованными преступными группами: Учебное пособие	Караганда: Изд-во КЮИ МВД РК, 2002. -120с

32	Балгимбеков, Д. У. Формирование практических навыков и умений по расследованию убийств у слушателей вузов МВД РК: Учебное пособие	Караганда: Изд-во КЮИ МВД РК, 2010. - 92с
33	Балгимбеков, Д. У. Тактические комбинации по задержанию сводников с поличным: Учебное пособие	Караганда: Изд-во КЮИ МВД РК, 2002. – 90с.
34	Бахин, В. П. Криминальные взрывы: понятие, характеристика, анализ, технология расследования: Учебное пособие	Алматы: ЖЕТІ ЖАРҒЫ, 2001. -128с
35	Бахин, В. П. Методика расследования заказных убийств: Учебное пособие	Алматы: Әқниет, 2000 -120с.
36	Бегалиев, Е. Н. Расследование преступлений, связанных с подделкой денег: Учебное пособие	Алматы: ДАЙК-ПРЕСС, 2005. -268с
37	Белкин, Р. С. Криминалистический букварь: Настольная книга для сыщиков и следователей среднего и старшего школьного возраста	М.: Юристъ, 1997. -112с
38	Белкин, Р. С. Криминалистическая энциклопедия: Справочное пособие	М.: Мегатрон-XXI, 2000. -334с
39	Белкин, Р. С. Криминалистика: Учебный словарь-справочник	М.: ЮРИСТЪ, 1999. -268с
40	В. Беляев Безопасность в распределительных системах // Открытые системы	Москва, 1995, №3
41	Брушковский, К. Б. Участие специалиста-криминалиста в следственных действиях: Учебное пособие	Алматы: ЮРИСТ, 2008. - 256с
42	Букаев, Н. М. Расследование преступлений организованных преступных групп и сообществ: Учебно-практическое пособие	Ростов-на-Дону: ФЕНИКС, 2007. -191с
43	Бычкова С. Ф. Вопросы использования специальных знаний при расследовании преступлений, связанных с незаконным оборотом наркотиков: Практическое пособие	Алматы: Баспа, 2001. - 272с
44	Быков В.Н. Особенности расследования групповых преступлений. Уч.пособие.	Ташкент, 1980 г.
45	Возгрин И.А. Принципы методики расследования отдельных видов преступлений. Учебное пособие.	Ленинград, 1977
46	Вечерин Э.Н., Губанов В.В., Петрунов В.Н. Следственные и оперативно-розыскные версии по раскрытию краж из квартир. Учебное пособие.	М.,1991 г.
47	Гаврилин Ю. В., Головин А. Ю. Преступления в сфере компьютерной информации: квалификация и доказывание: Учебное пособие	М.: КНИЖНЫЙ МИР, 2003. -245с

48	Гаврилин, Ю. В. Расследование преступлений против личности и собственности: Учебное пособие	М.: Ось-89, 2006. -384с
49	Гаврилин, Ю. В. Криминалистика в понятиях и терминах: Учебное пособие	М.: КНИЖНЫЙ МИР, 2006. -384с
50	Гаврилин, Ю. В. Криминалистическая тактика и методика расследования отдельных видов преступлений в определениях и схемах: Учебное пособие	М.: КНИЖНЫЙ МИР, 2004. -332с
51	Гаврилин, Ю. В. Криминалистика: методика расследования отдельных видов преступлений: Курс лекций: Учебное пособие	М.: Книжный мир, 2004. -468с
52	Гельманов, А. Г. Расследования грабежей и разбойных нападений, совершенных в условиях неочевидности: Учебное пособие	Омск: Изд-во ОЮИ РФ1996. -70с.
53	Гинзбург А. Я. Методические рекомендации к проведению занятий по теме "Осмотр места происшествия": Приложение к альбому "Осмотр места происшествия"	Алматы, 1999. -31с.
54	Гинзбург, А. Я. Криминалистика: Рекомендации к раскрытию преступлений: Учебно-практическое пособие	Алматы: ЖЕТИ ЖАРҒЫ, 2005. -352с
55	Гурев М.С. Убийства на «разборках». Методика расследования/М.С. Гурев.	СПб: Питер, 2001-320с.-(Б-ка криминалиста)
56	Мозговых Г.А. Криминалистическая характеристика преступлений/ Г.А. Мозговых.	Алматы: Данекер, 2002.-147 с.
57	Гинзбург, А. Я. Криминалистика: Учебное пособие	Алматы, 2003. -158с.:
58	Гинзбург, А. Я. Основы оперативно-розыскной деятельности: Учебное пособие	Алматы: Аян Әдет, 1997. -80с
59	Гинзбург, А. Я. Основы оперативно-розыскной деятельности: Учебно-практическое пособие	Алматы: Аян Әдет, 1999. - 176с.
60	Гриненко А. В. Руководство по расследованию преступлений: Научно-практическое пособие	Харьков: КОНСУМ, 2001. -608с.
61	Гриненко А. В. Руководство по расследованию преступлений: Научно-практическое пособие	М.: НОРМА, 2008. -768с
62	Дворкин А. И. Расследование бандитизма: Методическое пособие	М.: Приоритет, 2000. -176с
63	Дворкина А. И. Настольная книга следователя: Тактические приемы проведения осмотра места происшествия и допросов при расследовании преступлений различной категории	М.: ЭКЗАМЕН, 2006. -640с
64	Дворкина А. И. Настольная книга следователя: Расследование особо тяжких	М.: ЭКЗАМЕН, 2006. -496с

	преступлений против общественной безопасности(бандитизм, организация незаконных вооруженных формирований): Научно-методическое пособие	
65	Досболов, А. Д. Использование специальных пожарно-технологических знаний при расследовании преступлений, сопряженных с пожарами: Учебно-методическое пособие	Алматы: Изд-во АВСШГСК РК, 1997. -64с.
66	Дубягина, О. П. Криминалистика: Схемы.таблицы. Тесты: Учебное пособие	М.: Экзамен, 2006. -384с
67	Еленюк, А. Г. Расследование воинских должностных преступлений Учебное пособие	Караганда: Изд-во КЮИ МВД РК, 2004. -115с
68	Еленюк Г.А. и др. Использование специальных познаний при расследовании ДТП. Учебное пособие.	Караганда. 1987.
69	Жакулин, А.Б. Расследование экономической контрабанды: Учебное пособие	КЮИ МВД РК, 2004. -112
70	Завотпаева, А. Т. Преступления в сфере высоких информационных технологий: уголовно-правовые и криминалистические аспекты: Учебное пособие	БОЛАШАК-БАСПА, 2007. -116с
71	Завотпаева, А. Т. Особенности в сфере высоких информационных технологий: Учебное пособие	КЮИ МВД РК, 2008. -83с
72	Зорин, Г. А. Криминалистическая методология	Минск: Амалфея, 2000. -540.
73	Каныгин В. И. Расследование преступлений против личности и собственности: Курс лекций	ПИТЕР, 2008. - 272с.
74	Карнович Г.Б., Коршин М.Г. Расследование половых преступлений.	М.,1958 г.
75	Карлов, В. Я. Использование криминалистической техники в расследовании преступлений: Научно-практическое пособие	М.: ЭКЗАМЕН, 2006. -192с.
76	Кенжетаяев, Ч. Д. Особенности расследования посредничества во взяточничестве на первоначальном этапе: Учебное пособие	Караганда: Изд-во КЮИ МВД РК, 2007. -74с.
77	Ким, Д. В. Криминалистические ситуации и их разрешение в уголовном судопроизводстве: Монография	Барнаул: Изд-во Алт. ун-та, 2006. - 206с.
78	Ким, Д. В. Теоретические и прикладные аспекты криминалистических ситуаций: Монография	Барнаул: ИЗД-ВО АЛТ. УН-ТА, 2008. 196с.
79	Кондратьев, И. В. Уголовно-процессуальные и криминалистические аспекты моделирования в расследовании преступлений: Учебное пособие	Караганда: Изд-во КЮИ МВД РК, 2003. -116с.

80	Кондратьев И.В. Мысленное моделирование в информационно поисковой деятельности следователя/ И.В. Кондратьев; Под общ.ред. Б.М.Нургалиева.	Караганда: ИЗД-ВО КЮИ МВД РК, 2004.-116с.
81	Комиссаров В.И. Расследование хищений, совершенных с использованием товарных кредитов/В.И.Комиссаров, Е.С.Лапин.	М.:Юрлитинформ, 2001.-191с.
82	Кулибаев, Т. А. Расследование и предупреждение убийств, совершаемых путем найма преступников: Учебное пособие	Алматы: Республика Казахстан, 2005. - 210с
83	Кучуков, К. М. Расследование мошеннических действий: Учебно-практическое пособие	Алматы: АЯН ЭДЕТ, 1999. -100с. -
84	Лозинский, Т. Ф. Секреты раскрытия убийств: Техничко-криминалистическое обеспечение раскрытия и расследования убийств: Учебно-методическое пособие	М.: МОСК. ПСИХОЛОГО-СОЦИАЛЬНЫЙ ИН-Т, 2006. -400с
85	Мазунин, Я. М. Тактика выявления и доказывания вины участников преступных групп: Учебное пособие	Омск: Изд-во ОЮИМВД РФ, 1998. - 106с
86	Миронов А.И. Осмотр места происшествия по делам об убийствах.	Учебно-методическое пособие. М., 1958 г.
87	Мудьюгин Г.Н. Расследование убийств, замаскированных инсценировками.	М.1973 г.
88	Меретуков Г.М. Расследование незаконного приобретения, изготовления, хранения, перевозки и сбыта наркотических средств.	Автореферат диссертации...к.ю.н.М.,1990 г.
89	Расследование изнасилований. Учебное пособие.	Ленинград, 1980 г.
90	Руководство для следователей/ под общ.ред. В.В. Мозякова.	М.: Экзамен, 2005.-912 с.
91	Мерецкий, Н. Е. Тактические приемы осмотра трупа на месте его обнаружения: Учебное пособие	М.: Изд. дом РАО, 2004. -176с
92	Назышев, Р. А. Проблемы расследования неправомерного доступа к компьютерной информации: Учебное пособие	Астана: Данекер, 2002. -230с
93	Нургалиев Б. М. Криминалистика: Типовая учебная программа	Астана: Изд-во КазГЮУ, 2003. -44с
94	Нургалиев, Б. М. Неотложные следственные действия при расследовании краж скота: уголовно-процессуальные и криминалистические аспекты: Памятка	Караганда: Изд-во КЮИ МВД РК, 2005. -28с
95	Нургалиев, Б. М. Экономическая контрабанда - организационно-тактические аспекты расследования: Учебное пособие	Караганда: Изд-во КЮИ МВД РК, 2005. -84с
96	Нургалиев, Б. М. Организация расследования преступлений,	Караганда: Изд-во КЮИ МВД РК, 2006. -65с

	совершенных воинскими должностными лицами: Учебное пособие	
97	Нургалиев, Б. М. Процессуальные, организационные и тактические особенности расследования убийств: Учебное пособие	Караганда: Изд-во КЮИ МВД РК, 2006. -144с
98	Нургалиев Б.М. Первоначальный этап расследования ДТП при столкновении транспортных средств.	М.,1988 г.
99	Образцов, В. А. Серийные убийства как объект психологии и криминалистики: Учебно-практическое пособие	М.: ОМЕГА-Л, 2003. -208с.
100	Платонов Д. И. Криминалистика: Конспект лекций в схемах: Пособие для подготовки к экзаменам	М.: ПРИОР, 1999. -144с
101	Роганов, С. А. Синтетические наркотики: вопросы расследования преступлений: Учебное пособие	Питер, 2001. -224с
102	Рассейкин Д.П. Осмотр места происшествия и трупа при расследовании убийств.	Саратов 1967 г.
103	Скворцова К. Ф. Расследование контрабанды: Практическое пособие	М.: Юристь, 1999. –20с
104	Скорченко П.М. Расследование половых преступлений.	М.,1967 г.
105	Справочник следователя т.2	М.,1990 г.
106	Тапалова, Р. Б. Сборник тестовых заданий по криминалистике: Учебно-методическое пособие	Алматы: Данекер, 2003. -160с
107	Тапалова, Р. Б. Сборник тестовых заданий по криминалистике: Учебно-методическое пособие	Астана: Данекер, 2005. -130с
108	Турлыбаев, О. Н. Расследование изнасилований: Учебное пособие	Караганда: Изд-во КЮИ МВД РК, 2008. -86с.
109	Турлыбаев, О. Н. Расследование насильственных половых преступлений в отношении несовершеннолетних: Учебное пособие	Караганда: БОЛАШАК-БАСПА, 2007. - 104с
110	Б.Х. Толеубекова «Криминалистическая характеристика компьютерных преступлений»	Караганда 1993 год
111	Б.Х. Толеубекова «Организационно-правовые проблемы контроля над компьютерной преступностью»	Караганда 1994 год.
112	Уханова, Н. В. Особенности расследования преступлений против личности: Пособие	М, 2007. -56с.
113	Филиппов А. Г. Криминалистика: Схемы и комментарии	М.: Юриспруденция, 1999. -240с
114	Филиппов А. Г. Криминалистика: Учебное пособие в схемах	М.: Новый Юрист, 1998. -224с
115	Филиппов М. П. Выявление и	Барнаул: ИЗД-ВО БЮИ МВД

	расследование преступлений в сфере незаконного оборота наркотических средств и психотропных веществ: Учебно-методическое пособие	РОССИИ, 2004. -187с.
116	Шарипов, С. Р. Криминалистическое обеспечение расследования уголовных дел, сопряженных с пожарами: Учебное пособие	Караганда: Изд-во КЮИ МВД РК, 2003. -79с
117	Шмонин, А. В. Методика расследования преступлений	М.: ЮСТИЦИНФОРМ, 2006. -464с
118	Шурухнова Н. Г. Расследование неправомерного доступа к компьютерной информации: Учебное пособие	М.: Щит-М, 2004. -352с
119	Шурухнов Н.Г. Лекция. Расследование незаконного изготовления, приобретения, перевозки и сбыта наркотических средств.	Академия МВД СССР, 1990 г.
120	Жердев В.А. Расследование серийных корыстно-насильственных преступлений, совершаемых организованными группами, на первоначальном этапе/В.А. Жердев, В.И. Комиссаров.	М.:Изд-во Юрлитинформ,2002.-160с
121	Звирбуль А.К. Расследование убийств.	М., ВЮЗШ,1980 г.
122	Цветков С.М., Шурухнов Н.Г. Организация и криминалистическая методика расследования имущественных преступлений.	Лекция, М.1996 г.
123	Яблоков, Н. П. Расследование организованной преступной деятельности	М.: Юристъ, 2002. -176
124	Яблоков, Н. П. Криминалистика в вопросах и ответах	М.: ЮРИСТЪ, 2006. -222с
4. Интернет сайттар		
125	http://adilet.zan.kz/kaz -Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі	
126	http://web.kzi.kz/index.php/kz/ob-akademii Қазақстан Республикасы ІІМ Б.Бейсенов - Қазақстан Республикасы ІІМ Бәрімбек Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы	
127	www.mvd.kz – Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі	
128	http://prokurog.kz – Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы	
129	http://pravstat.prokurog.kz/ - Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті	
130	www.zakon.kz – Қазақсан Республикасының Заңдары	
131	http://prg.kz/ «Параграф» ақпараттық жүйе	

3.8. Пән бойынша сабақ жүргізудің тақырыптық жоспары

Кредит саны – 2(90 сағат)

№ п/ п	Тақырып саны	Тақырып атауы	Кредит саны (сағаттар)	Аудиториялық сағаттар			КӨЖ	КӨЖ
				Дәрістер	семинарлық сабақтар	Тәжірибелік сабақтар		
1	1	Криминалистикалық әдістеменің жалпы ережелері	7	1		1	1	4
2	2	Адам өлтіруді тергеп-тексерудің әдістемесі	12	1		1+2+1	2	5
3	3	Ұрлықты тергеп-тексерудің әдістемесі	13	1		2+2	3	5
4	4	Тонау мен қарақшылықты тергеп-тексерудің әдістемесі	8			2	1	5
5	5	Алаяқтықты тергеп-тексерудің әдістемесі	7			2	1	4
6	6	Есірткі немесе психотроптық заттардың заңсыз айналымына қатысты тергеп-тексерудің әдістемесі	11	1		1+2	2	5
7	7	Зорлауды тергеп-тексерудің әдістемесі	9			2+1	2	4
8	8	Жол-көлік оқиғаларын тергеп-тексерудің әдістемесі	9	1		2	1	5
9	9	Ұйымдасқан қылмыстық құрылымдармен жасалған сыбайлас жемқорлықты тергеп-тексерудің әдістемесі	7			2	1	4
10	10	Компьютерлік ақпарат саласындағы қылмыстарды тергеп-тексерудің әдістемесі	7			2	1	4
Барлығы			90	5		25	15	45

3.9.Сабақ жоспары

Дәріс сабақтары

Тақырып №1. Криминалистикалық әдістеменің жалпы ережелері (1 сағат)

Дәріс жоспары

1. Жеке қылмыстар түрлерін тергеп-тексеру әдістемесінің ұғымы, пәні және құрылымы.

2. Криминалистикалық әдістеменің жалпы тұжырымдамаларының негізгі элементтерінің ұғымы және мазмұны

Дәріс тезистері

Криминалистикалық әдістеме немесе нақтылы қылмыс түрлерін тергеу және алдын-алу әдістемесі — криминалистиканың ақырғы тарауы болып саналады.

Криминалистикалық әдістеме (нақтылы қылмыс түрлерін тергеу әдістемесі) дегеніміз ғылыми ережелер жүйесін және соған негізделі отырып ұрлық, тонау, адам өлтіру, адам ұрлау және т.б. нақтылы қылмыс топтарын тергеп алдын-алу үшін жасалған әдістемелік нұсқауларды көрсететін криминалистиканың тарауы.

Басқа сөзбен айтқанда техника мен тактиканың пәні жалпы болса, ал әдістеменің пәні – ерекше, яғни әртүрлі қылмыстық қастандықтардың түрлері бойынша дәлелдемелермен жұмыс жасаумен ажыратылады.

Криминалистикалық әдістемені әзірлеу барысында қандай болмасын қылмысты ашу үшін әрбір қылмыстың және жасаған адамдардың жеке даралығын ескере отырып, шындыққа жету жолдарының өзгеше болатындығына назар аударады.

Криминалистикалық әдістеме жүйесінде екі негізгі бөлімді ажыратуға болады:

- 1) криминалистикалық әдістеменің жалпы қағидалары;
- 2) нақтылы қылмыс түрлерін тергеу әдістемесі (жеке криминалистикалық әдістемелер).

Криминалистикалық әдістеменің жалпы қағидалары – криминалистиканың осы тарауының теориялық негіздері, оның негіз қалаушы бастамасы барлық жеке криминалистикалық әдістемелерге теориялық база бола алады. Оның элементтері:

- криминалистика ғылымының тарауы ретіндегі криминалистикалық әдістеменің түсінігі, мәні және жүйесі;
- криминалистикалық әдістеменің пайда болу және даму тарихы, оның түпнұсқалары;
- криминалистикалық әдістеменің міндеттері мен қағидалары (принциптері);

- жеке криминалистикалық әдістемелердің түсінігі, жіктемесі (классификациясы) және құрылымы.

Құрамды элементтері ретінде криминалистикалық сипаттамаға енетін мәліметтер:

- типтік түпнұсқалық ақпараттың сипаттамасы;
- қылмыстың нақты түрін жасау және жасырудың типтік (әдеттегі) тәсілдері туралы мәліметтердің жүйесі және осы тәсілдерді қолдану нәтижесінде келген әдеттегі зардаптар;
- мүмкін қылмыскердің жеке басы және қылмыстың мүмкін қозғамы мен мақсаттары;
- мүмкін жәбірленушінің жеке басы және қастандықтың әдеттегі заты туралы мәліметтер;
- қылмыстың әдеттегі жағдайлары туралы мәліметтер (орны, уақыты, жағдайы);
- осындай қылмыстарды жасауға итермелеген әдеттегі (типтік) жағдайлар туралы.

Жоғарыдағы құрылымды талдау нәтижесінде мұнда нақты қылмыс санаттары бойынша анықтауға жататын барлық типтік жағдайлар көрсетілгендігін байқауға болады. Тергеуші міндетіне тергеудегі қылмыстың ерекшелігіне қарай нақтылай отырып қолдану жатады.

Криминалистикалық сипаттаманың практикалық мағынасы – нақты қылмыстың бөлек элементтері туралы мәліметтер тергеушіге қылмыстардың криминалистикалық сипаттамасын білу негізінде қылмыстың белгісіз элементтерін анықтауға мүмкіндік беру. Сонымен қатар нақты қылмыс түрінің криминалистикалық сипаттамасы негізінде тергеуші дәлденген типтік болжам шығара алады.

Тақырып бойынша ұсынылатын әдебиеттер тізімі:
4,5,6,7,8,9,10,11,12,13,14,15,16,17,18,19(3.7бөлімге қараңыз)

Тақырып №2. Адам өлтіруді тергеп-тексерудің әдістемесі (1 сағат)

Дәріс жоспары

1. Адам өлтірудің криминалистикалық сипаттамасы.
2. Типтік тергеу жағдайлары және бастапқы мен кейінгі тергеу әрекеттерінің тактикасы.

Дәріс тезистері

Қылмыс жасау орны, уақыты сияқты адам өлтіру жағдайларын білу арқылы жалпы оқиғаның механизмі және кінәлі туралы, қатысушылар жайлы болжамдар құрастыруға болады.

Адам өлтіруді тергеу барысында мынадай жағдайларды анықтау қажет:

- адам өлтіру болды ма; зорлық пен өлу себебі неде;

- адам өлтіру қашан, қай жерде, қандай тәсілмен және қандай жағдайда жасалынған;
- адам өлтіруді кім жасады, қылмыскер қалай сипатталады;
- егер қылмыс топпен жасалса, әрбір қатысушының рөлі;
- қылмыстық жауаптылықты жеңілдететін немесе ауырлататын жағдайлар бар ма;
- жәбірленуші кім және қалай сипатталады;
- қылмыспен келген зиянның мөлшері мен сипаты;
- адам өлтірудің мақсаты мен ниеті (мысалы, кек алу, қызғану, пайдакүнемдік);
- адам өлтіруге итермелеген жағдайлар қандай.

Қылмыспен денеге жарақат келтіру ауыр қылмыстардың бірі болып табылады. Азаматтардың өміріне зиян келтіру арқылы оның қажетті органдарынан айыру оның өмірлік кемтар немесе қоғамнан бөліп тастайтын әрекеттер жасалынады. Криминалистикалық сипаттама мәнінің жиынтығы қылмысты ашу және тергеу болып табылады. Бұл құқық бұзушыларға тергеу барысындағы типтік жағдайларға байланысты арналған арнайы әрекеттердің бірі болып табылады. Криминалистикалық мінездеменің элементтеріне:

- қылмыстың жасалу әдістері, із жасалу механизімі;
- криминалистикалық қылмыстың мәні бар іздер;
- қылмыстық қастандылықтың ерекшеліктері;
- жәбірленушінің және қылмыскердің жеке басы;
- қылмыс жасаудың мақсаты мен себеп-салдары;
- қылмысқа дайындалу ерекшелігі, қылмыс жасау уақыты мен орнын жатқызуға болады.

Адам өлтіруді тергеудің алғашқы кезеңіндегі тергеулік ситуациялар осы қылмысты жасаған тұлға туралы ақпараттың, өлген адамның жеке басы және мәйіттің орналасқан жерінің, сондай-ақ қылмыс қозғамының (мотив) болуы және көлемімен сипатталады. Осыған байланысты мынадай типтік ситуацияларды бөліп шығаруға болады:

- адам өлтіру жәбірленуші және күдікті мәлім болған жағдайда жасалынған;
- адам өлтіру жәбірленуші белгілі, ал күдікті белгісіз болған беймәлімдік жағдайда жасалынған;
- адам өлтіру анықталмаған дәйек (мотив) бойынша жасалған;
- бала өлтіру белгілері табылған.

Адам өлтіру туралы істер бойынша тергеу әрекеттері аталмыш қылмыс түрінің өзіндік ерекшелігіне сай, «Криминалистикалық тактика» тарауында қарастырылған тактикалық тәсілдер мен жағдайларды сақтай отырып жүргізіледі.

Адам өлтіруді тергеу кезінде жүргізілетін алғашқы тергеу әрекеттері:

- оқиға болған жерді қарап-тексеру;
- куәлардан жауап алу;
- сот-медициналық сараптама тағайындау.

Көбіне тергеу оқиға болған жерді және мәйітті қарап-тексерудан басталады. Қарап-тексеру барысында төмендегідей сұрақтарды анықтауға мүмкіндік беретін белгілер табылуы мүмкін:

- пайда болған оқиға қылмыс па;
- мәйіт табылған жер адам өлтірілген жерге жатама, егер олай болмаса, қандай белгілер арқылы қылмыс жасалған жерді анықтауға болады;
- өлтірілген кім және қылмыс қашан жасалған;
- қылмыскерлер саны қанша, қылмыс орнына қалай келіп, қай жолмен кеткен;
- қандай тәсілмен, қандай құрал пайдалану арқылы қылмыс жасалды, оны жасыруға қандай шаралар қолданылған;
- оқиға болған жерде қылмыскер нені қалдырған, нені алып кеткен және қандай іздер оның денесінде, киімінде, қылмыс құралында, көлік құралдарында қалуы мүмкін;
- қандай мәліметтер қылмыскердің жеке басын, оның қозғамын сипаттайды;
- қылмыс орнында болып жатқанды қай жерден көруге немесе естуге болар еді.

Адам өлтіру қылмысы – өте ауыр қылмыстар санатына жатады. Оның ішінде кәсіпшіл қылмыскерлермен жасалынатын тапсырыс бойынша («заказ» арқылы) адам өлтіруді ерекше атап өтуге болады және кейінгі жылдары адам өлтірудің жасау тәсілдерінің бірі – атыс қарумен жасалынатын қылмыстар практикада жиі кездесіп жүр. Сондықтан, мұндай қылмыс оқиғасы орын алған кезде оқиға болған жерді қарап-тексеру барысында жалпылама түрде объектілерге талдау берген жөн: а) оқиға болған жерде не бар, олар қалай орналасқан, (үй, мекеме, жол, орман және т. б.); ә) қылмыстың ізі (сынған заттар, жығылған шөп, үй ішінің астан-кестең бұзылуы және басқа да қарсыласқанды білдіретін іздер т. б.); б) іздер: аяқтың ізі, қолдың ізі, тістің ізі, транспорт құралдарының ізі және т. б.; в) қанның ізі, темекі тұғылындағы сілекейдің ізі, тер және басқа да адамнан бөлінетін заттар; г) шаш, киімнің талшықтары; ғ) жәбірленушінің немесе айыпкердің бойында қалған дақтар; д) атыс қаруынан қалған заттар (гильза, пыж, бытыра, картеч және т. б.).

Тақырып бойынша ұсынылатын әдебиеттер тізімі:
1,2,4,22,32,35,45,48,55,73,82,84,86,87,91,99,102,112,121 (3.7бөлімге қараңыз)

Тақырып №3. Ұрлықты тергеп-тексерудің әдістемесі (1 сағат)

Дәріс жоспары

1. Ұрлықтың криминалистикалық сипаттамасы және анықтауға жататын мән-жайлар.

2. Типтік тергеу жағдайлары және бастапқы мен кейінгі тергеу әрекеттерінің тактикасы.

Дәріс тезистері

Ұрлықтың криминалистикалық сипаттамасын келесідей жағдай құрайды:

- ұрлық қылмыстардың ең кең тараған түрі;
- ұрлық құпия түрде жасалынады, қылмыскер көп жағдайларда белгісіз болып табылады;
- осы қылмыстың сипатты белгісі болып тікелей қасақаналықтың болуы танылады, ұрлық қасақана кейде алдын ала дайындықтан кейін жасалынады;
- ұрлық жасау тәсілі әр түрлі;
- ұрлықтың заты болып кез келген мүлік танылады (ақша, заттар, өзге де материалдық құндылықтар).

Осындай санаттағы істер бойынша типтік болжамдардың үш түрі болады:

- ұрлық шынында да болған;
- ұрлық болмаған, арыз жасаушы арам ниетсіз жаңылысқан (құлып бұзақылармен сындырылып, мүлік үй иелеріне айтылмай, олардың туысқандарымен басқа жерге көшірілген және т. б.);
- ұрлықты жасағансу.

Ұрының (ұрылардың) жекебасы туралы ақпараттың болмауы, аз немесе елеулі түрде болуымен айқындалатын, қылмыстың айқын жасалуынан шыға отырып, ұрлық істері бойынша тергеу жүргізудің бастапқы кезеңінде келесідей тергеулік жағдайлар қалыптасады:

- 1) қылмыстың орын алғанына күмән жоқ, күдікті ұстап алынған;
- 2) Ұрлықтың жасалғаны анық, бірақ оны жасаған тұлға ұстап алынбаған, алайда ол туралы ақпараттар бар;
- 3) Ұрлықтың жасалғаны анықталған, бірақ оны жасаған тұлға туралы ешқандай ақпарат жоқ.

Әрқилы ахуалдар бұл жағдайларды өзгертуі мүмкін. Бірінші жағдайда тергеушінің міндеті – бұл ұстап алынған адамның қылмысын әшкерелейтін дәлелдемелер жинау, ұрланған мүліктің мөлшерін, оның орнын және т.б. анықтау, екіншіден – бұл ұрлық жасаған адамды іздеу және т.б. Үшіншіден – тергеу жүргізу тергеу органдары мен жедел-іздістіру органдарының ұрлық жасаған адамды іздеуге бағытталған өзара белсенді түрде әрекеттесуі және т.с.с.

Бірінші жағдайда ұрлық жасаған адамды ұстап алғаннан кейін бірден келесілер жүргізіледі:

- ұстап алынған адамға жеке тінту жүргізу;
- кейбір жекелеген жағдайларда куәландыру жүргізу;
- оқиға болған жерді қарап-тексеру;
- күдіктіден жауап алу
- жәбірленушіден немесе ұрланған заттың иесінен жауап алу;
- тұрғылықты мекенжай бойынша тінту жүргізу;
- көрген адамдар мен басқа да куәлардан жауап алу;
- сараптама тағайындау.

Ақпараттардың аз болуымен сипатталатын екінші және үшінші жағдайларда, келесідей бастапқы тергеу әрекеттері жүргізіледі:

- жәбірленушіден жауап алу;
- оқиға болға жерді қарап-тексеру;
- сараптама тағайындау.

Осы үш жағдайдың барлығында да құқық қорғау органдарының қызметкерлері жедел-ізвестіру шараларын жүргізеді.

Арыз берушіден немесе ұрланған мүліктің иесінен жауап алумен ұрлық жасау (оны анықтау) жағдайларын, ұрланған мүлік атауы, саны және белгілерін, күдікті тұлғаларды айқындау мақсаты көзделеді.

Оқиға болған жердің жағдайына қарай тергеуші қарау ең ұтымды тәсілін таңдайды. Егер бөлмеге ену бөгетті бұзу арқылы іске асырылса, онда қарауды сындырылған жерден бастап, біртіндеп оқиға болған жердің ортасына қарай, яғни қараудың шоғырланушылық (концентрикалық) тәсілі қолданылады. Егерде оқиға болған жердің криминалистикалық ортасы бөлменің төрінде (мысалы, бұзылған сейф немесе киім ілгіш шкаф) болса, онда қарауда аралас тәсіл пайдаланылады, яғни алдымен сейф немесе шкаф, кірген есік қаралады, сонан соң қабырғаны біртіндеп жағалай отырып геометриялық орталыққа қарай қарау жалғасады.

Іздерді объектіге енген жерден (мысалы, сығылған есік, ұшырылған терезе, темір торларын бұзу арқылы (аралау әдісі) балконнан кіру) іздеген жөн. Есіктерде, терезелерде, балконда және олардың маңайындағы беткейлерде қол, аяқ киім іздері, киім-кешек талшықтары, сындыру құралдарынан қалған іздер, еденде, балкон ішінде темекі тұқылы, бұзу барысында өз-өзіне жарақат келтіріп алса, қан іздері, жер қыртыстары, ал кейде сілекей мен адам ағзасының (организм) басқа бөлінділері табылуы мүмкін. Қылмыскер сүйкенген объектілерден күнделікті алып жүрген іздермен бірге, иісті іздер алынуы ықтимал.

Ұрлық үстінде ұстау – қалтағатүскен ұрыны әшкерелеудің ең ұтымды құралы. Мұндай әрекет жәбірленуші мен куәгерлердің өздерімен де, полиция органындағы қалтаға түсу ұрлықтарымен күрес жүргізетін жедел топтармен іске асырылады. Қалтаға түсуші ұрыны қылмыс үстінде ұстау кезіндегі алғашқы тергеу әрекеттері:

- жеке басын тінту; ұсталған жерді қарау;
- ұсталғанның жеке басын және мекен-жайын анықтау;
- барлық жәбірленуші мен куәларды айқындау және олардан жауап алу;
- ұсталғаннан жауап алу;
- заттай дәлелдемелерді қарап-тексеру: қылмыс құралдарын (ұстара, пышақтар, шеттері қайралған тиындар, бүркеме болған заттар және т. б.), бүлініс іздері орналасқан қол заттары мен киімдер;
- ұсталған тұлғаның пәтерін және ұрланған заттардың сақтау орындарын тінту.

Тақырып бойынша ұсынылатын әдебиеттер тізімі:
1,2,4,20,21,28,37,38,39,46,50,54,58,59,81,69,94 (3.7 бөлімге қараңыз).

Тақырып №6. Есірткі немесе психотроптық заттардың заңсыз айналымына қатысты тергеп-тексерудің әдістемесі (1 сағат)

Дәріс жоспары

1. Есірткі немесе психотроптық заттардың заңсыз айналымының криминалистикалық сипаттамасы және анықтауға жататын мән-жайлар.
2. Типтік тергеу жағдайлары және бастапқы мен кейінгі тергеу әрекеттерінің тактикасы.

Дәріс тезистері

Тұтынушы қолына келіп түсу қайнар көзіне қарай, есірткі және жүйкеге әсер ететін заттар мынадай топтар бойынша ажыратуға болады:

- медицинада пайдаланылатын есірткілі дәрілік препараттар (омнопон, морфий, промедол, кодеин және т.б.);
- көбіне өсімдік шикізатынан қолдан жасалынатын заттар (емдеу мақсатында қолданылмайтын немесе қандай да бір дәрі-дәрмектерді әзірлеуде жартылай фабрикат ретінде жүретін), сондай-ақ кейбір есірткілі дәрілік препараттар, мысалы, эфедриннен жасалынған. Олардың қатарына гашиш, көкнәр сабаны, апиын, апиынның шикізаты, көкнәр сабанының тұнбасы, гашиш майы және т.б. жатады;
- контрабандалық жолмен енетін шетелде тұтынылатын кейбір препараттар (мысалы, эфедрон).

Мұндай қылмыстар санаты әртүрлі тәсілдермен жасалуы мүмкін. Қолдан жасау тәсіліне: жасыл массаны ұнтақтау; сора (конопля) тозаңын елеу немесе булау; сора тозаңын немесе дайын нашаны күнбағыс майына қуыру; медициналық препараттардың әртүрлі компоненттерін араластыру; наша немесе көкнәрді сүтпен қайнату; сора жапырағын немесе көкнәр бастарын шай сияқты бұқтыру; дәке тампонына немесе басқа да материалдарға көкнәрді сіндіру; көкнәр сабанынан тұнба әзірлеу және т.б. жатады. Жасырын лабораторияларда синтетикалық өнімдерді дайындау тәсілдері де жеткілікті.

